

"Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 470 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 26 маусымдағы N 290 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 25 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1929. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 28 шілдедегі N 382 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.28 N 382 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 470 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықта :

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін есептен шығару:
100 пайыз тозғанда - мемлекеттік кәсіпорынның шешімі бойынша;
50 пайыздан артық тозғанда және/немесе баланстық құны 1000 еселенген ең төмен есепті көрсеткіштен артық емес болғанда - мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органдарынан жазбаша рұқсатынан кейін жүзеге асырылады;
кемінде 50 пайыз тозғанда және/немесе баланстық құны 1000 еселенген ең төмен есепті көрсеткіштен артық болғанда - мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша және Комитеттің жазбаша рұқсатынан кейін жүзеге асырылады.
" ;

7 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру (бұдан әрі - Комитет)" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелерінің мүлкін есептен шығару;

100 пайыз тозғанда және/немесе баланстық құны 100 еселенген ең төмен есепті көрсеткіштен артық емес жағдайда - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шешімі бойынша;

баланстық құны 100 еселенген ең төмен есепті көрсеткіштен артық жағдайында - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Комитетпен келісілген шешімі бойынша жүзеге асырылады."

8-тармақтағы "уәкілетті органдармен" деген сөздер "мемлекеттік басқару органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2 - т а р м а қ т а :

"келісуге" деген сөздің алдынан "мемлекеттік басқару органдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөліммен толықтырылсын:

"Мемлекеттік басқару органдарымен келісілген есептен шығару құжаттары тиісінше Комитетке немесе оның аумақтық органдарына жазбаша рұқсат алу үшін жіберіледі. " ;

13-тармақтағы "уәкілетті органның" деген сөздер "мемлекеттік басқару органының" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап іске қосылады.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -*

Қаржы министрі